



## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ «МАНАС» ЖЫРЫНЫҚ ТАЛҚЫС**

1951-1953 жылдардың аралығындағы «әшкерелеу науқанына» қарбалас кіріскең жалғыз қазақ жүртшылығы ғана емес еді. Буржуазияшыл, ұлтшыл, реакционер, монархияшыл, феодалшыл, байшыл, манапшыл, алашордашыл, махношыл, муссауитшіл, дашнякшыл, князшіл, құрбашылар мен түркімен башылар, ұлы орыс ұлтының прогрессивті отарлауы мен жазалау саясатына қарсы құреспен панисламистер, пантүркистер, жойытшылдар, идеясыздар, сана ағымының сары уайымшылдары, жалған ғалымдар мен жалған ғылымның емшегін сорушылар және олардың идеясын жасырын өткізушилер мен насиҳаттаушылар - барлық республикаларда кеңестік идеологияның саяси жазалау үрдісіне сай асқан бір «бауырмашылдық-интернационалистік» өрлеумен, қарышты қарқынмен, екпіндете құйындастып әшкереленіп жатты. Бірі ауыр, бірі жеңіл, біреудің күні туып, біреудің мысы басылып, бірі жер аударылып, бірі түрмеге қамалып, аласапыран болды да кетті. Өзінің жүрттындағы дау мен дамай, айып пен жала, сатқындық пен табалау, басыну аздай, Мұхтар Әуезовке қырғыз ағайынның «алақандай намысын алып беруге» («Манастағы» Ер Ағыштың сөзі) атсалысуына тұра келді. «Атаң көрі, қоқи» деп бір кіріссе, оңайшылықпен екпінін баспайтын шағын елдің талқысы да оңайшылықпен өткен жоқ. М.Әуезовтің шәкірті ретінде әшкереленген Жамғырчинов жер аударылып тынған. Алайда олардың ең ұлы ұлттық мұрасы, ұлттық ұйытқысы, қырғыз ұлтының екінші мағынасы - «Манас» эпосының тағдыры тәлекекке ұшырап, содан айырылып қалу қаупі туды. Неге екені түсініксіз, осы эпостың дауы XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін созылды. Кейде, өз тағдырын өзі өртке салуды әдетке айналдырған осындай қозғалыс біздің халықтарға ғана тән бе деген күбірткі күдік те қылт ете қалады. Қырғыздар үшін сондай бір талмауытты тұста СССР ғылым Академиясының ұсынуымен «Манас» эпосының тарихилығы мен халықтығы қақындағы Бүкілодақтық көлемдегі талқы Фрунзеде өтуге тиісті болды. Эпос пен фольклор туралы қорытынды тұжырым жасауға тиісті бұл жиналышқа ең таңдаулы шығыстанушылар мен түркологтар, фольклоршылар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, жазушылар қатысу жоспарланды. Егерде, осы жолы «Манастың» беті теріс қайырылып кетсе, қырғыз халқы ғана емес, әлем жүртшылығы өзінің ұлы эпостық мұрасын зерттеуге, оны басып шығаруға кемінде елу жыл кенжелік танытар еді. Қазақ эпостары мен фольклоры да соның кебін құшар еді. Мұны Мұхтар Әуезов те, өзгелер де түсінді, әсіресе, қырғыздардың жанына қатты батты. Өйткені, «Манас» эпосының қырғыздың рухани өмірінен алатын шешуші, тағдырлы, рухани орынына ұлттық құрмет ретінде 1945 жылы Қырғызстан К(б)П Орталық комитеті мен Қырғыз ССР Үкіметі «Манас» жырының 1000 жылдық мерекесін өткізуге қаулы қабылдаған болатын. Алайда, «Едіге» жырының феодалдық-монархиялық, реакциялық,

орысқа қарсы эпос екендігі туралы БК(б)П-ның қаулысы оны екінші қатарға ысырып жіберді. Соған қарамастан, 1947 жылы «Қырғыз халқының батырлық эпосы «Манастың» мерейтойын өткізудің жоспары жасалып, Мұхтар Әуезов комиссияның басты жаупты тұлғасы ретінде аталды. Мұндай ұлы шараны негіздеуге М.Әуезов те пікір қосқандықтан да, тұжырымдамадан қысқаша ғана мағлұмат берे кетуді жөн санадық. «Манас» эпосының бір бөлімінің көлемінің өзі 400.000 жол, ол «Шаһнамадан» 5 есе, «Илиада» мен «Гомерден» 40 есе көп. Ал, «Манастың» 11 нұсқасының көлемі 1 миллион 200 000 жол. Ең ұлы қасиеті – бұл халық ішінде әлі де орындалатын тірі эпостың қатарына жатады. Манастың тарихи негізі мен прототипі ретінде Бартольдтің, Әуезовтің, Бернштамның зерттеулерінде мөлшерлеген 840 жылғы қырғыздардың Яғлақар ханының екінші біріккен түрік қағанатын құлатқан оқиғасы алынды. «Манастың» 4 томдық толық басылымын қырғыз тілінде (алқа мүшелері М.Әуезов, С.Е.Малов, В.М.Жирмунский, А.Н.Бернштам, К.Юдахин), 1-3 томдығын орыс тілінде шығару (аудармашылары С.Липкин мен Л.Пеньковский, көркемдеуші В.А.Фаворский), ССРР Ғылым Академиясының деңгейінде ғылыми конференция өткізу белгіленді. Ақыры той түгілі «Манас» жырын тарихтан ысырып тастау науқанына ұласты. Бұл – қырғыздың қолқасын суырып алушмен бірдей еді. Сондай қарбаласты құндерде қырғыздың Тіл және әдебиет институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, Б.Жамгерчинов 1951 жылы 12 мамырда: «Мұхтар Омарханұлы! ... Қырғыздың тіл, әдебиет және тарих институты қыркүйектің аяғында «Манаңқа» байланысты Фрунзе қаласында ғылыми сессиясын өткізбек. Сессияның жұмысы туралы жобаны ұсына отырып, Сізден белгіленген баяндаманы қарап шығуға келісіміңізді беруді, әрі сессияны шақырудың уақыты мен күн тәртібі жөніндегі пікіріңізді ұсынуыңызды өтінемін», – деп жеделхат жолдаған еді. Сессияда М.Әуезов «Манас» эпосының негізгі нұсқасы» туралы баяндама жасауға келісімін берді. Алайда, Қазақстандағы «қара құйынның» ұшығы қырғыздарды да ширіктырса керек, сессия бір жыл кейінге қалдырылды, мұның соны Бүкілодақтық пікір таласына ұласып кетті. Ағалық пікір айтуда тиісті Климович, Богданова сияқты игі тілекті ғалымдардың өзі «Манастың» тамырын қопсытып таstadtы. Ал, Боровков пен Балтин, Нұров сияқтылар «Манастың» түбірін қопсытып әуреге түспей-ақ, бірден тамырына балта шапты. Ұйымдастырушылар осындағы қауіпті беталысты байқап, олардың бетін қайыру үшін Мұхтар Әуезовті сессия мәжілісінің ең ширікқан қорытынды тұсындағы кезекке қойды. Өз кезегінде М.Әуезов сөзді: «қырғыз халқына «Манас» керек пе, жоқ па?» – деген көкейкесті сұрақтың жауабынан бастады. Әуезовтің шешендігі аңызға айналған шындықтың бірі, алайда біз пайдаланған жүзге тарта сөздің ішіндегі қисыны мен қыыстыруы жағынан, сөз бен ойдың қабысуы мен қарпыса қабаттасуы тұрғысынан, ең бастысы жанға тиерлік ішкі емеурінді мысы

мен тыңдаушысымен терең байланыс орнатқан сырлы әсері және ширақтығы орайынан алғанда «Манас» туралы сөзі оның ең озық шешендік толғауының бірі болып табылады. Мұнда шешендік өнердің барлық шарттары мен заңдылықтары ғажайып үндестік тапқан. Өз елінде басы бәйгеге тігіліп жүргеніне қарамастан Мұхтар Әуезов 1952 9-11 маусым аралығында Фрунзе (Бішкеқ) қаласында өткен «Манасты» зерттеу мәселелері» жөніндегі ғылыми сессияға қатысты. Сол сессиядағы тағдырылы талқы иелері А.Тоқымбаевпен, Т.Сыдықбековпен, Ш.Айтматовпен әңгімелескенімізде: «Манастың» бар тағдырын Әуезовке тапсырдық. Үміт тек сол кісіде ғана болатын. Бүкіл қырғыз елі ауыл-ауылдан атпен келіп, сессия өткен театрдың ғимаратын қоршап тұрды. Сыртқа лаба қойдырып, содан Әуезов мінбеге көтерілгенде Манас пен «Шоң қазақтың» тілеуін тілеп айғайлап тұрды», – деген сөзді бір ауыздан мақұлдады. Өйткені, ол кезде одақ көлеміндегі ғалымдардың Орта Азия аумағында санасатын жалғыз адамы – Мұхтар Әуезов қана екен. Сондықтан да, қолындағы қамшысын, тақымындағы ертоқымын қысып, ширығып тұрған халық Мұхтар Әуезов өзінің созылыңқы дауысымен: «Күн нұрына бөленген, социалистік қырғыз ұлтының ұлы да ғажайып тарихы...», – деп сөзін бастағанда сырттағы қырғыздар дауыстап, іштегі қырғыздар ішінен «тайкемайлап!» ұран салды. Өзі де толқуын баса алмаған М.Әуезов халықтың мына құрметін тебірене қабылдап, иіріліп келген күрделі ойларын түйдектете төгіп, сессияға мұлдем басқаша рең берді. «Бір адамның ғана өмірімен өлшенетін мезгілдегі ұрпақтардың өмірінде, Октябрьге дейін өмір сүрген әкелер мен шешелердің, Октябрьден кейінгі ұлдар мен қыздардың тағдырын салыстыратын болсақ, олардың арасындағы айырмашылықты ондаған жылдардың бедерінен ғана, ұрпақтардың жаңғыра түлеуінен ғана байқамайсың, бейне бір бұл екі арада ғасырлар өткендей, бұрынғы халық жаңа халықпен ауысқандай толысады аңғарасың. Қырғыздың күндей күлімдеген өспірімдерінің балалығы басқаша бір дәуірде – шексіз еркіндікпен, жастықтың асқақ арманымен, биік ойлы санамен, еркін құлшыныспен, теңдікпен және әкелік пен аналықтың кемел ақылы мен мейірімі аясында өтті. Кей шақтарда, кемел жасыңа келген кезде, бәрін анық та қанық түсінген, сабырлы да салиқалы көзқараспен өткенді шолып шығатын сәттерің болады, сонда алыста қалған балалықтың өзгеше бір көрінісі көз алдыңа келеді, ал, есіңе түскен сол елестер ен далада алыстан жылтырап көрінген шоқ құсап маздал, жылдар, оқиғалар, адам бейнелері мен аттары көз алдыңан көшіп өтеді, сол арқылы аңғал өміріңің бастауы мен қуаты толысқан шағыңның арасын көрінбейтін, бірақ, жаныңмен жалғасқан байланысты қалпына келтіретіні бар – тұра сол сияқты кеңестік қырғыз халқы да осы сәтте өзінің өткен рухани өміріне көз салып отыр. Иә, бұрылып қарады, бұрылып қарады да, өткеннің түгелін түгендей алмаса да, бұрынғы санада сараланған

ойлардың мәйегін бүгінгі күндегі көтерілген кемелденген сана баспалдағының деңгейінде саралауға ұмтылып отыр». Әбден саясаттанып кеткен ойлау жүйесі мен қасаң тартқан сөз мәнері жүйкелетіп бітірген, әлдебір әшкереленуді тітіркене күтіп отырған қырғыздар, осы сәтте өздеріне «жаны мен жаны жалғасқан», беті теріс қарап кеткен Манастың өзі «бұрылып қарағандай» сезінді. Осындағ табиғи екпінмен негізгі тақырыпқа бет бұрып, оның басты « себепкөрін»

атап

өтті:

М.Әуезов (жалғасы): «Манас» эпосын талқылауға арналған қазіргі жағдайдың барлығы мені тұра осындағ көңіл-күйге жетелеп отыр. Бұл, осы талқылау, партия-кеңес баспасөздеріндегі пікірталасынан басталды. Әділін айту керек, соңғы төрт айдың ішінде республика баспасөзі үлкен жұмыс атқарды, тек «Советская Киргизия» мен «Қызыл Қырғызстанның» беттерінде 15-тен артық мақала жарияланды. Біздің осы конференциямымыз да сол басылымдардағы талқының табиғи жалғасы болып табылады. Мен көтерілген мәселелердің негізіне тоқталmas бұрын, мұндағы қалыптасқан жағдайға және оның жұмыс барысында назар аудармасқа болмайтын жайларды айта кеткім келеді. Соның ішінде, мен біздің талқылап отырған мәселемізге қалың жүртшылықтың аса зейін қойып, үлкен назар аударып отырғанын айтпай үнсіз қала алмаймын. Соның бір дәлелі, анық дәлелі, осы залды толтырып отырған жоқ, тек қана ғылыми қызметкерлер, жазушылар, жыраулар, мұғалімдер, студенттер ғана емес, сонымен қатар министрліктердің, облыстық атқару комитеттерінің, Мемлекеттік жобалау мекемесінің жауапты қызметкерлерінің, Қырғыздың партия және үкімет басшыларының қатысып отырғандығы», – деді. Ол «қалың жүртшылықтың аса зейін қойып, үлкен назар аударып отырғандығын» ескерту арқылы тек эпос ғана емес, мұқым қырғыз ұлтының тағдыры талқыға түсіп отырғандығын ғалымдардың қаперіне іле кетті. Мұхтар Әуезов (жалғасы): «Баспасөз беттерінде және осы конференцияда тек ғалым-зерттеушілер ғана пікір білдіріп қойған жоқ, сонымен қатар, кеңестік қырғыз халқының барлық жетекші жазушылары да белсене атсалысты. Сондай-ақ, «Манас» мәселесі туралы талқылауға тек Қырғызстанда ғана көңіл бөлініп қойған жоқ, сонымен қатар, Мәскеу де аса мұдделілік танытып отыр, Бүкілодақтық Ғылым Академиясы біздің конференциямымыздың байыпты шешімін күтіп отыр, олар өздерінің өкілдерін, көрнекті ғалымдарын жіберді, солардың ішінде СССР Жазушылар Одағының өкілі де осында отыр. Жоғарыда айтылғандар нені байқатады? Біріншіден: біздің жүртшылығымыздың біздің ғалымдардың еңбегіне зейінмен қарайтынын байқатады. Екіншіден, бұл «Манастың» – біздің халықтарымыздың эпосы мен фольклорының арасындағы қатардағы құбылыс емес, одан тыс шығарма екендігін көрсетеді. Егерде Багиров жолдас жаңылыс айтпаса: «Дәдем Қорқыт» әзіrbайжан халқына

белгісіз», – деді, ал, мұнда мұлдем керісінше, «Манас» кеңестік қырғыз халқының арасына өте кеңінен танымал. Мұның барлығы, біздің, баяндамашылардың, қосымша баяндамашылардың, сонымен қатар әр түрлі бағытта кеңінен пікір толғап сөйлеушілердің қандай жауапкершілікті мойнына көтеріп отырғанын аңғартады». Саяси әулекілікпен, идеологиялық желікпен «Қорқыт атадан» бас тартып отырған – Әзербайжан, «Көрүғұлыны» кергіге салған – түркімен «Едігеден» жеріген – татар, «Қобыландыны» құғынға ұшыратқан – қазақ ағайындарының кебін құшпаса екен – деп сақтандырды. М.Әуезов (жалғасы): «Енде, жоғарыда аталып өткен, бәріміз де құрметпен қарайтын біздің жетекші жүртшылығымыз бізден не күтіп отыр? Олар бізден: осында айтылған барлық пікірлердің анық та нақты нәтижесі болғанын және «ұзақ жылдардан бері «Манастың» айналасына үйіріліп алған шиырлау мен бұзылған шырықты доғаруды күтеді. Егер де, біздің барлық сөзімізден кейін соңымызда – бірікпеген пікір, өзара кикілжің, қостау мен жоққа шығару, тарих алдымызға қойып отырған міндеттің шешілмеген, белгісіз түйіндері қалатын болса, онда өте өкінішті болар еді. Демек, ең алдымен конференциядан, соның ішінде, ең бірінші баяндамашылардан, қосымша баяндамашылардан, содан кейінгі сөйлеушілерден «Манасқа» байланысты қойылып отырған бүгінгі мәселеге анық, тармақталған, негізді жауап күтеді. Нақты жауап күтіп отырған жоғарыдағы шешілуге тиісті міндеттер қандай? Оларды, менің ойымша, үш мәселенің айналасында тұжырымдауға болады: Бірінші: Кеңестік қырғыз халқына «Манас» эпосы керек пе, жоқ па? Екінші: Оның жинақтала құрастырылған нұсқасын жасау мүмкін бе, жоқ па? Үшінші: Егерде, ондай нұсқа қажет болса, онда оны қалай жүзеге асыру керек?». Саяси даурықпадан «Манастың» басын арашалап алған соң ғана «таусылмайтын даурықпаға» – дискуссияға өзінің көзқарасын білдіруге көшкен. Әйтпесе, Боровков пен Климовичтің пікірлерін талқыла салса, онда бұл әңгіме «ұзын арқан, кең тұсауға» ұласып, нақты қаулы қабылданбай, не соның желеуімен эпосқа тыйым салынуы мүмкін еді. Ал, бүкіл халықты қуәға тартқан және халықтың қүшімен сессендіріп алған мына сөзден кейін: «Манас» – қырғыз халқына керегі жоқ», – деп ешкімде айта алмайтын еді. Сонымен, «Манас» халыққа керек! Халықтың туынды. Енді, оның ғылыми басылымы туралы пікір алысуға болатын.

М.Әуезов (жалғасы): «Содан кейін барып, екінші кезекте, «Манасты» зерттеудің жолдары мен міндеттері, эпостың туу дәуірі туралы мәселе қоюға болады. Мен бұл мәселені екінші кезекке қойып отыруымның себебі, өтіп кеткен өткелді еске алмай, алдағы күннің міндеті тұрғысынан қарасақ: зерттеу туралы сөз қозғамас бұрын сол зерттеу объектісін анықтап алуымыз керек қой, яғни, «Манастың» нақты жарық көретін нұсқасын жасап алуымыз қажет, ал эпостың туу дәуірі туралы зерттеулерді бекітілген мәтін бойынша жүргізу керек. Сонымен, менің

осы сөзімдегі ең басты міндетім, жоғарыда атап көрсетілген үш сұраққа жауап беру болып табылады. Алайда мен, жүйелі түрде болмаса да, «Манастың» кейбір нұсқаларын зерттеуге белгілі бір дәрежеде қатысым болғандықтан да, «Манас» жөніндегі өзім атқарған сол жұмыстарды қысқаша еске сала кеткім келеді». Оның осы сөзінің өзі-ақ «Манастың» тағдырының қалай шешілетінін анықтап бергендей еді. Шындығында да, «Манас» эпосын жиырмасыншы жылдардың екінші жартысынан бастап зерттеп, жинақтай бастаған М.Әузов сол тұста өзінен басқа тәжірибелі де беделді манастанушының жоқ екенін және оның қырғыз халқының өмірінен қандай орын алғатынын білді. Сонымен қатар, отызыншы жылдардан бастап СССР ғылым Академиясының аясында зерттеуге қатысып, ғылыми мақалалар жазды. Оның бір данасын біз 2000 жылы Санкт-Петербургтағы Кунсткамераның архивінен көріп едік. Бұл туралы М.Әузовтің өзі осы сессиядағы сөзінде: «Мен «Манасты» 30-жылдардың басынан бастап зерттей бастадым да, 1935 жылы өзімнің зерттеуімнің алғашқы нұсқасын жаздым, содан кейін, 1937 жылы өндедім, ал, 1942-1943 жылдары оны осы арада менсіз өндепті, алайда 1944 жылы мен оны қайтадан өндеп шықтым да, соңғы нұсқасын Тіл, әдебиет және өнер институтына ұсындым. Айта кетейін, жоғарыдағы зерттеулердің негізінде жазылған менің жекелеген газеттік мақалаларым болмаса, менің жұмысым толығымен ешқандай редакцияда жарияланған жоқ. Сол жылдары, яғни, отызыншы жылдардың басы мен аяғында Сағымбайдың нұсқасынан басқа бір де бір өзге нұсқа болған жоқ. Қаралаевтің нұсқасы 1936 жылы жазылып алынды, мен ол жазбаны оқып шықтым, ал бітпей қалған жерлерін оның өз орындауында тыңдадым, бірақ Молдабасанның нұсқасын оқығамын жоқ. Сонымен, тек қана Сағымбайдың ғана толық нұсқасын алдыма қойып, сол арқылы өзімнің зерттеулерімді жүргізуімнің нәтижесінде, мен оның нұсқасын ғана емес, мұқым «Манас» жырын феодалдық деп таптым. Рас, «Эпостың жазылу жағдайы» деп өзім атаған тарауда одан қайтқаным да бар, бірақ, негізінен сол кезде бүкіл эпосты феодалдық идеологияның көрінісі деп есептедім. Оның үстіне ол кезде бұлай айтудың үлкен себептері де болды, сол себептер мені қате пікірге жетелеп әкелді, ал, ол себептің мәнісі, сол кезде халық әпостарына жаппай феодалдық, князьдық-жасақтық, боярлық ортасын мұрасы деген қате пікір үстемдік алып тұр еді. Ол кезде буржуазиялық фольклор ілімінің елесі сақталып қалған, веселовщинаның дүрілдеп тұрған кезі еді. Бірақ, кейін, Камералық театрдағы Д. Бедныйдың «Батырларының» қойылымы туралы БК(б)П Орталық комитеті мен «Правда» газетіндегі батырлық былиналарды халықтық мұралардың қатарына жатқызған пікірден кейін мен де өзімнің «Манасқа» деген бұрынғы көзқарасымды өзгертуім. Мен: Сағымбай өзінің нұсқасына барлық феодалдық көріністерді, халықта жат панисламистік, пантүркистік және контреволюциялық-ұлтшыл

сарынды эпосқа күштеп кіргізгенімен де, соның барлығының астарында, ұжымдық шығарма ретінде, Сағымбайдан бұрын, оның өзі жаттап алған, ғасырлар бойы айтылып келе жатқан көптеген жырлардың түбінде халықтың негіз жатқанына сенімді болды. Сыни көзбен қарай отырып, Сағымбайдың ертегілік қоспалары мен оны айтқызығандарды, Сағымбайдың кейбір бүрмалауларын әшкерелей отырып, эпостың ескі, тұрақты желісін халық мұрасы деп таныдым. Халық эпосы жөніндегі бұдан кейінгі ізденістерімді қеңестік фольклористиканың тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар туысқан республикалардың Мәскеуде өткен онкүндікте көптеген халықтардың эпостың шығармаларының көрсетілуі одан әрі нығайта түсті. Осында жасалған Климовичтің баяндамасында, мен өзімнің бір еңбегімде пайдаланған пародияны ескертіп өтті. Бұл пародияны келтіру деген сөз – мұқым «Манасты» жоққа шығару деген сөз емес, соның ішіндегі феодалдық, манаптың нұсқаны жоққа шығару болып табылады. Мүмкін, мұнда сол әжуа-әзіл арқылы эпосқа жапсырылған жалған манасшыл қасиеттерге халықтың көрсеткен қарсылығы жатуы мүмкін. Өзімнің «Манас» туралы жұмысыма анықтама дәрежесіндегі сөзіме қосымша, мен мынаны мәлімдеймін: «Манас» туралы талқылаудың барысында конференцияның алдыңғы қатарлы жүртшылықтың қабылдаған қорытындылары мен нәтижесіне сүйене отырып, мен өзімнің ертеректегі зерттеулерімдегі кейбір қате пайымдауларды қайта қарауға, өзгертуге дайынмын. Енді, мен осы конференцияның міндеттері ретінде көрсеткен негізгі мәселеге қайтып ораламын», – деп ойын бір қайырып тастады.

Өз елінде осы пікірлері үшін қудалау мен әшкерелеуге ұшырап жүріп мұндаған батыл пікірді айтуға М.Әуезовті не мәжбүр өтті? Жалаңтес баһадүрліктің заманымен жалаң жақсы атанудың уақыты өткен, қырғыз ғылыминың іші де мамыражай емес болатын. Оған бірінші себеп, әрине, қырғыз халқы мен «Манастың», сол арқылы өз ұлтының халықтың мұрасының алдындағы өтелетін парызы. Екінші, жиырма жетінші жылғы «Құнделік» қатирасындағы жырдың жазбасынан бастап осы баяндаманың мәтінін қағазға түсірген сәтіне дейінгі аралықтағы ғылыми кешулерінен кешірім өтінбесе, отыз жетінші жылғы мақаланың мазмұнынан хабардар сессияға қатысып отырған қазақ, қырғыз ғана емес, одақтық ғалымдар оның «құбылып түсіп», халыққа бет беруін театрдың іші-сыртын кернеп, қамшысын білеп тұрған «алдыңғы қатарлы жүртшылықтың» алдында жақсы атану деп бағалауы заңды еді. Сонымен қатар, Рazaқов пен Қазақбаев сияқты өзі жақсы араласатын республика басшыларының, Аалы, Түгелбай, Қуанышбек сияқты достарының құпия қолдауы да қолтығынан демегені анық. Бұл мәселеге қазақ зияллылары мен ғалымдары да, өзге республикалардың жүртшылығы да назарын тігіп отырған. М.Әуезов (жалғасы): «Сіздердің өздеріңізге мәлім болып отырғанындей, біздің жағдайымыз бен

сарапалауларымыздың басын бірден ашып алу үшін, мен: «Кеңестік қырғыз халқына «Манас» эпосы керек пе, жоқ па?», – деп бірінші мәселені турасынан қойдым. Өйткені, бұл сұрақ конференцияға да, баяндамашыларға да, қосымша баяндамашыларға да бет пе бет қойылып, нақты жауабын талап етіп отырған негізгі мәселе болғандықтан да, бұл сұраққа бірінші сөз алған бас баяндамашы Боровков жолдастың қалай жауап бергенін еске түсіре кетпесек болмайды. Өзінен өзі: біз жоғарыда қойылған сұраққа баяндамадан, қосымша баяндамалардан жауап ала алдық па, жоқ па? – деген саул туындейді. Мойындауымыз керек, өкінішке орай, ондай жауапты біз ести алмадық. Ал, оған нақты жауапты баспасөздегі талқылаулар мен жолдас Жәкішевтің баяндамасы және қосымша баяндамалар берді, ал, Боровковтың баяндамасындағы жауабы не ол емес, не бұл емес болып шықты. Оның баяндамасының 99 пайызы Сағымбай нұсқасының әсеріне құрылғанын бәріміз біліп отырдық. Баяндамашының талдаулары тек қана жағымсыз, дөрекі, халыққа жат көріністерден алынған үзінділерге құрылған. Оның есесіне әпостың өзінің бойындағы негізгі оқиғалардың желісіне құрылған халықтық көріністер тиісті дәрежеде іріктеліп алынбаған. Сөйтіп, баяндамашы «Манасты» зерттемеген, тек «Манаңқа» жапсырылған жамаулардың барлығын жөргеп шыққан. Соның нәтижесінде, жағымды көріністерге бір-ақ пайыз орын берілген, өзінің қолында бар материалдың негізінде әпостың тууы туралы мысқалдан қана пікір білдірген. Боровковтың баяндамасының осы соңғы тұжырымы дұрыс әрі маңызды. Егерде, бәрі де шындығында да осындай болып шықса, өзінің баяндамасындағы тұжырымының дұрыстығына сенсе, онда баяндамасының құрып кеткенде тең жартысын соған негіздеуі керек еді. Әйтпесе, әпосты жағымсыз жағынан көрсеткен ұзақтан да ұзақ келтірілген үш үзіндіден кейін оның бұл қорытындысы тосын әрі өзара қарама-қайшы пікір боп шықты». Міне, енді мәселенің басын ашып алған соң, «жағымсыз, дөрекі, халыққа жат көріністерді» қасақана мысалға келтірген Боровковтың пікіріне тойтарыс берे отырып, тереңдей талдайды.

М. Әуезов (жалғасы): «Ал, «Манастың» кеңестік қырғыз халқына керек екендігі айдан анық. Мұны: кеңестік қырғыз халқының ойы мен сезімін жеткізген жазушылар мен ғалымдар ғана емес қолдап отырған жоқ, сонымен қатар, қырғыз халқының өзі де социалистік дәуірдегі түлеген тарихы мен мәдениеті арқылы соған үнін қосып отыр. Міне, бұл ретте кеңестік қырғыз халқының 34 жылдан бері «Манасты» пайдаланып келе жатқанын қалай еске алмайсың? Ол баспасөзде, мектепте, әдебиетте, өнерде насихатталды. Қырғыздардың онқұндігінде мәскеуде Сталин жолдастың өзіне көрсеткен «Айчүректі», көптеген мақалаларды, кітапшаларды, жинақтарды, әпостан үзінді берілген оқулықтарды еске алайықшы, оларды қайда жібереміз, есептен қалай шығарып тастанымыз? Рас, Климович жолдаспен басқа да шығып сөйлеушілер

дұрыс көрсеткен идеологиялық қателіктерді де атап өту керек. Алайда, сонымен қатар, кеңестік Қырғызстанның «Манасын» қай совхоз, қай колхоз, қай өндіріс білмейді? Сонда, осы уақытқа дейін панисламизм, пантүркизм насиҳатталып келген бе, сонда олар «Манасты» буржуазиялық ұлтшылдардың рухымен айтып, жырлап келген бе? Халықтың өзі «Манасты» кеңес заманында барынша дәріпте, барынша халықтық етіп көрсетіп, көптеген жамау-жасқауды алып таstadtы емес пе.

Кеңестік дәуірдің болмысына кірккен «Манас» оның бойына жapsырылған жұғымсыздықтан әлі тазарған жоқ па? Қазір «Манастың» қай жерінен пантүркисті, панисламисті немесе ғазауаттың шейіті болған «Манасты» қайдан көрдіңіз? Әлде, бүгінгі кеңестік қырғыз халқының бойы мен ойында батыр Манас емес, хан Манас жүр дейсіз бе, Қырғыз халқының бүгінгі «Манасқа» деген назары бұрынғы нағыз халықтың негіздегі Манасқа – халықтық қасиетті бойына тоғытқан батырға ауып отырған жоқ, ерлік, намыс, адамгершілік, ізгілік, отанға деген махаббат сияқты қасиеттерді үлгі тұтады. Одан басқаша болуы да мүмкін емес». Иә, қырғыз ұлтының «Манассыз» өмір сүруі мүмкін емес. Себебі ... М.Әузов (жалғасы): «Төңкеріске дейін қырғыз халқының төл жазуы жоқтың қасында болғанын еске алайықшы, онда феодалдар мен феодалдарға тәуелді бұқараның арасында эпос үшін күрес жүріп жатты, әсіреле, төңкерістің қарсаңынан он жыл бұрын тіпті шиеленісп кетті. Ал кеңес халқы қарама-қарсы идеологияның күресін бейнелейтін мұраға иелік ете отырып, өзінің бүгінгі толыққанды тұрмысына сай үндес келетін тұстарды іріктең алуы керек болды. «Манас» кеңес халқына керек пе, жоқ па, деген мәселені шеше отырып, біз аса маңызды өзге бір жайтты есте ұстауымыз керек. Қырғыз халқының өткендеңі рухани мәдениетінің бірден бір мұрасы ретінде, мұнда халықтың поэтикалық рухани мәдениетінің, сөздік қоры мен сөйлеу мәнерінің өте құнды қазыналары шорлана жинақталған. Мұнда социализмге жол тартқан қырғыз халқының әдеби тілінің көп ғасырлық қалыптану, қалыптасу, даму үрдісі көрініс тапқан. Өзінің классикалық жазушылық үлгісі жоқ немесе жоққа тән, өзгедей шығармалары да көп емес халықтың тілінің орасан зор әдеби-бейнелі жібі тоқылған, лексикалық, синтаксистік, поэтикалық қазыналы қордан қандай лингвист бас тартып, қолын сермей алады? Сонымен қатар, поэтикалық мәдениеттің ғасырлар бойғы даму қайнары осыдан бастау алады. Жоғарыда айтып өткенімдей, мұнда мифтер, аңыздар, нақыл сөздер, тұрмыстық, отбасылық, қоғамдық, экономикалық қарым-қатынастар көрінісі де жинақталған. Мұнда халықтың көп дәуірлі сатыларындағы, тек қана XIV-XVIII ғасырлардағы қырғыз-қалмақ соғысы емес, одан бұрынғы, яғни, монғол шапқыншылығы тұсындағы, одан да бұрынғы қырғыз халқын жұтатқан түрік қағанаты, ежелгі үйсін патшалығы кезіндегі тарихы баяндалған. Айтылғандардың барлығы, «Манас»

әпсоның қырғыз халқына өзінің өткен тарихының құнды мұрасының ескерткіші ретінде керек екендігін аңғартады. Сондықтан да «Манас» әпсо басылып шығуы керек, оқылуы керек. Өткен онжылдықтардың тәжірибесімен шектеліп қалуға болмайды. Ол қандай сапалы деңгейде басылып шығуы тиіс? Оған жауап беру үшін екінші мәселеге көшемін». Сөйтіп, ең басты мәселені айтып қана қоймай, оны қорғап та қалды. Мұндай қисынды да мағыналы, намысты сөзге қарсы шығу – мұқым қырғыз ұлтына рухани ғазауат жариялау болатынын ғалымдар да, коммунистер де, олардың партиясы да түсінді. М.Әуезов бұдан кейін «Манастың» жиынтық нұсқасын жасаудың әдіс-тәсілдеріне, нұсқалардың мазмұнына, қажетті, қажетсіз көріністерді іріктеуге, басылым шарты мен көлеміне қатысты ғылыми мәселелерді көтерді. Бір ғалымның пікірін қостап, сынап, кеңес берген тұстары да бар. Біз Мұхтар Әуезовтің сондай қысылтаяң тұста барынша қанаттанған ғылыми ойының қисыны мен толықандығын, «Манасты» соншама терең білетінін аңғарту үшін осында айтылған пікірлерін қысқаша мазмұндей түйінде береміз.

М.Әуезов (жалғасы): «Осы орайда: жиынтық нұсқаның жасалуы мүмкін бе? – деген сұрақ қойылып жатты. Баяндамашылар мен өзге де сөйлеушілердің пікіріне қосылып, мен де: Иә. Мүмкін, ол нұсқаны міндетті түрде жасау керек – демекпін. Ал, оны қалай жасау керек? Бұл сұраққа жауапты бірінші боп: үш манасшының орындауының негізінде өзінің нұсқасын жасап шыққан Радлов жауап беріп кеткен болатын. Манас жырының ортақ өлшемі, бейнелеу мәнерінің өзіндік ерекшеліктері, әдетте барлық манасшыға ортақ болып келетін оқиға желісі, тақырыбы мен құрылым тұтастығы эпостың радловтық нұсқасын жасауға мүмкіндік берді. Әр орындаушы «Манастың» авторы, әр нұсқаның өзіндік ерекшеліктері, поэтикалық бейнелеу әдіс-тәсілі, мәтіндік бояулары сол орындаушыға ғана тән – деген ғылымға жат пікірден бас тарту керек. Барлық нұсқалардың ортақ тұстары бар, бұл тек эпикаға тән триадалық қайталаулар мен жалпы қалыптануында ғана кездеспейді, сонымен қатар бәріне ортақ жырлардың өзінде де болмашы ғана поэтикалық-сөздік айырмашылық ұшырасады. Сондықтан да, сөйлеушілердің барлығы да: Радловтың нұсқасы мен кейінгі нұсқалардың арасындағы, Сағымбай мен Қаралаевтің, Сағымбай мен Шапақовтың, Қаралаев пен Шапақовтың нұсқаларының арасындағы ұқсастықты атап өтті. Бұлар өзара идеялық-тақырыптық түрғыдан ғана емес, сонымен қатар кеңінен таралған сюжеттік-поэтикалық, бейнелеу-мәнерлік жағынан да қарайлас келеді. Сондықтан да, жырдың мазмұнын: Сағымбайдың нұсқасы мен кейіннен Сағымбайға еліктең айтушылардың нұсқасының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар – деп талдау дұрыс емес, керісінше, мұны ғылыми түрғыдан, өзіміздің жазба әдебиетінің емес, ауызша жеткен поэтикалық өнімді салыстырып отырғанымызды есте ұстай отырып, кейінгі жазба

нұсқаларды – өзгертілген, жасанды, эпосты бүрмалап, ойдан қосқан Сағымбайдың нұсқасымен салыстырмау керек, керісінше, Сағымбайдың және басқалардың жазба нұсқасын баяғыдан бері халық арасында кеңінен сіңген «Манастың» негізгі, тұрақты желісімен салыстыру керек. Егерде, жинақталған нұсқаны құрастыруда барлық жазбаларға осындағы талаппен келсек, онда барлық жамаулар өзінен өзі бөлініп шыға келеді, ал негізгі желінің ұқастығынан көрі айырмашылығының өте аз екені байқалады, ол айырмашылықтардың басым көпшілігі жырдың басы мен соңында шоғырланған, онда эпик жыршылар эпикалық баяндаудың желісінен тыс өзінің ойын, сезімін, түйгенін жеткізіп отырған. Дегенмен де, Сағымбайдың реакциялық нұсқасында, менің «Манас» жөніндегі алғашқы зерттеулерімде байқағанымдай, жыршының жырға енгізген қоспалары тек қана басқы кіріспесі мен аяғындаған кезікпейді, сонымен қатар жекелеген жағдайларда шектен шығып, оқиғаның желісі мен кейіпкерлердің бейнелерін суреттеуге де араласып кетеді, алайда мұндай «өрнектерді» жалпы халықтың негізден оңай ажыратуға болады. Жалпылама соғыс майданын, майдан басталғанға дейінгі және майдан аяқталғаннан кейінгі көріністерді, ерекше ұзақ баяндалатын батырлардың жекпе-жегін, әр түлғаның бейнесі кейіптенетін суреттерді, ерлікті және кейіпкердің астындағы аттарының барлық қасиеттерін жырлайтын тұстарды еске алыңыздаршы, сонымен бірге тағы да табиғаттың барлық құбылыстарын, жерді, елдерді, халықтарды суреттейтін тұстарды, тұрмысты, отбасын, қоғамдық көріністерді, халықтың сайысты баяндау барысындағы тапқыр, күлкілі жағдайлардың барлығын естеріңізге тұсіріңіздер, оған қоса тағы да босанған кездегі, үйлену сәтіндегі, жерлеу рәсіміндегі салт-дәстүрді бейнелеген тұстарда аналық сезімнің мейірімі, жеке достықтың қадірі, үлкенді сыйлаудың ізеттілігі жөніндегі халықтың ұғымның көріністерін еске алыңыздар, немесе жақсылық пен жамандық, феодалдық-рулық отбасылардың арасындағы тартыс жөніндегі халықтың тұсінікті еске алыңыздар, осылардың барлығы, адамның өмірі мен табиғаттағы көптеген тылсым құбылыстарды тұсіндірудегі ғажайып қиял байлығы, оқиға желісі, даму қозғалысы – бәрі де кең тараған халықтың эпостың нақты оқиғалық желісіне айналған. Бұл көріністердің барлығы да негізгі нұсқаларда бір-біріне төркіндесе кең көлемде орын алған, ең бастысы, осы құбылыстардың барлығы халықтың тұсіну рухында баяндалған. Ұақыттың тарлығынан мен әр түрлі нұсқаларға ортақ осындағы поэтикалық көркем кестелердің барлығын тізіп шыға алмаймын, алайда, өздері талдаған нұсқалардағы халықтың үлгілерді зеректікпен дәл тауып, көрсетіп берген Жәкішев жолдастың баяндаасына және «Манастың» тамаша білгірлері Маликов, Тоқомбаев, Сыдықбеков жолдастардың, сонымен бірге Валитованың сөзіне иек артамын. Бұл жолдастар өздерінің тиянақты пікірлерімен, зерек зерделеуімен жинақы нұсқаға тиесілі іріктеуді бастап кетті деп ойлаймын».

Соңғы сөз – сенімнің сөзі. Сенімді сөз. Түйін сөз. Енді: «Манас» керек пе, жоқ па?», – деген құдіктің құбірткісі ешкімді мазаламайтыны анық. Басқа республикалардан, тіпті, қырғыз ғұламаларының өзінің біразына бейтаныс 1 миллион 200 00 жолдан тұратын ұланғайыр эпосты қалай реттеп, жинақтау керек? Мақсаты айқын, міндеті анық, жұмысы ауыр, намысты іс. Бұл «жұмыстың да жоспарын» кейінге қалдырмай осы тағдырлы ғұламалық сөзінде Мұхтар Әуезов шешіп, онымен кімдердің айналысусы тиіс екенін де айтып кетті. М.Әуезов (жалғасы): «Сонымен біз, кез-келген нұсқаға ортақ көріністердің ондаған емес, жүздел, мындаған саналатынына көз жеткіздік. Сондықтан да әр нұсқадағы жекелеген жырларды, бөлімдерді, яғни, әдетте 25-30 беттен тұратын, бір жолда жырланып бітетіндегі көлемдегі жазбаларды жекелеген жолдар мен үзіктер арқылы емес, тұтастай алып салыстырып, мәтіндік тұрғыдан іріктең кітапқа кіргізу керек. Ол жырдың басындағы, соңындағы қосымшалардың кейбіреуін ғана болмаса, әр жыршының өзі қосқан тұстарын алып тастау керек. Сонда өзіндік оқиғасы, поэтикалық-сөздік негізі, өлеңдік құрылымы, тұтаса біткен мәнері ұқсас жырлар өзінен өзі іріктеліп шыға келеді. Сол жырлардың өзі-ақ, көптеген жырларды шығарған, оны айтып отырған манасшының емес, оның алдында өткен сандаған жыршылардан жатталып қалғанын айтып береді, міне, ғасырлар бойы өмір сүрген, ұрпақтан-ұрпақ ауызша жалғастырып келген, біз жалпы халықтың негіз - деп атап отырған ұжымдық орындаушыларға тән әпикалық поэзияның мәні осында.

Жоғарыда айтылғандардың негізіне сүйене келіп, осы арада: жинақталған нұсқаға іріктең алатындағы ортақ оқиғалық желі жоқ – деген пікір білдірген кейбір жолдастар қателеседі деп ойлаймын. Ортақ желі бар. Баяғыдан бері қалыптасқан сол желіні негізге ала отырып, әр орындаушы сол тақырыптың, құрылымдың жүйе бойынша тыңдаушыларға жеткізген. Оған нақты мысал ретінде әрі осы мәселе жөніндегі кейбір жолдастардың құдігін сейілту үшін, бізге берілген уақыттың шектеуін алып тастап, осында отырған Исақ Шайбеков, Молбасан, Үбырай, Саяқбай және тағы да басқа бірнеше манасшыны жарыстыра «Манасты» түгел айтқызып шығуға мүмкіндік бар, тіпті олардан бүкіл шығарманы емес, әр қайсысынан бір-біріне жалғас жекелеген жырларды ғана орындаудың өтінсек те, олардың барлығы да «Манастың» тұтас сюжетін толығымен ауызша айтып шыққан болар еді. Олар: халыққа жат, бір кезде Сағымбайдың зиянды қиялынан қосылған жамауларды жырдың желісінен алып тастап, ауызша айтылуы арқылы халыққа белгілі желіні жырлап берер еді. Сонда: өлеңдік мәнер мен өлшемнің, бейнелік-мәнерлік жүйесінің, сөздік қорының, баяндау тәсілдерінің, диалогтар мен монологтардың құрылымының, тұтастай алғанда, олардың өзара стильдік сабактастырының ортақтығына нақты мысалдар арқылы біздің көзімізді жеткізер еді. Бұл ұқастықтардың өзі

жинақталған нұсқаңың мүмкін екендігіне сендереді. Енді, осы жинақталған нұсқа туралы айта кетейін. Әрине, эпостың құрамындағы кейбір қатпарларды ерекшелеп атап сынаған кейбір манасшылардың пікірлерін ескере отырып, бұрынғы методологиялық және идеялық қателіктерден бас тарту керек. Бұл қатпарларды олар: ертедегі аңыздық-әсіре әфсаналық, көне тарихи және кейінгі тарихи дәуірлер – деп атады. Бұл орайдан алғанда, Маррдың ұстанымына жүгінген мұндай дәуірлік жіктеулерді жоққа шығарған Боровковтың пікірі дұрыс. Осы мәселеге байланысты жинақталған нұсқа жөніндегі ұсыныстарымды нақтылай келе айтарым, алдын-ала ешқандай бір нақты нұсқаға, мейлі, Қаралаевтікі болсын, мейлі Шапақовтікі болсын, бәрібір, басымдық бермеу керек, алайда Қаралаевтің, Шапақовтың, бұған мен Радловты да қосар едім, нұсқаларын назарға ала отырып, осы үш нұсқаны бағыт етіп ұстау керек. Қажет кезінде өзге нұсқаларды да пайдалана отырып, осы негізде жинақталған нұсқаңы құрастыру керек. Сонымен қатар, мен халық арасында табиғи түрде өмір сүріп келе жатқан нағыз халықтық нұсқаларды мұқият іздестіріп, жазып алууды ұсынамын. Өзімнің ұсынысымды одан әрі нақтылай түсіп, мен редакциялық құрамның іскерде, жетекші тобына «Манастың» нағыз және беделді білгірлері Тоқомбаев, Маликов, Сыдықбеков сияқты көрнекті ақындар мен жазушылардың кіруі аса қажеттілік деп санаймын, өйткені олар «Манастың» мәтінін және оның әрбір иірімін өзгелерден әлдеқайда терең біледі, дәл осы жағдайдағы шешуші сөз де соларға тиесілі». Ол бұдан кейін миллион жолдан асатын «Манас» жырының толық және қысқартылған нұсқасын жан-жақты, мазмұнды, дәлелді ғылыми түсініктермен жарыққа шығаруды ұсынды. Сондай-ақ, конференцияда өзіне қаратыла айтылған пікірлерге: М.Әуезов (жалғасы): ««Манастың» туу дәуіріне байланысты мен профессор Климовичке мынаны ескерте кетемін: «Манастың» көне тамырын осы арадағы біздің көбіміз бірінші рет естіп отырған IX ғасырдағы анадолы түріктірінен іздеуді алғаш рет ұсынған адам – сіздің өзіңіз жиі-жій сілтеме жасаған, «Манасты» Орхон жазуымен салыстыра зерттеуді қажет деп есептейтін марқұм Фалев болатын. Ал Сіздің өзіңіз қазір зорлықпен тықпалап отырған, «Манастың» дәуірін тек XV–XVIII ғасырдағы дүнгендегі қалмақ соғысымен байланыстырған идеяның иесі, сіздің өзіңіз оны осы уақытқа дейін табанды түрде жоққа шығарып келген Жирмунский болатын. Соған қарамастан мен: бұл мәселені дәл қазір бір ғана пікірге бағындырып қоюға мүлдем болмайды, бір дәуірді ғана көрсеткен өзінің пікірін зорлап таңатындей, адам сенерлік қана емес, сол деректің өзі сендеретіндегі дәлел ешкімде жоқ. Ал Бартольдтан алынған, оның өткендегі қалмақ дәуірін еске алуы керектігі жөніндегі тым жалпылама пікірі негіzsіz, өйткені Бартольд «Манас» жөнінде пікір білдірмеген, себебі ол, оны білген жоқ және фольклортанушы, осы мәселенің маманы болмағандықтан да бұл арада оның беделі

жүрмейді», – деп жауап бере кетті. Бұдан әрі осы ойын жалғастырып, «Манас» эпосы мен көне түркі «Құлтегін», «Тонықөк» жазба ескерткіштеріндегі қырғыздарға қатысты деректерді салыстырып, жырдағы тарихи дәуірлерге қатысты бұрынғы пікірін дамытып, жырдың қырғыз-қалмақ кезеңінде пайда болғанына құдіктене ой қозғады.

М.Әуезов (жалғасы): «Эпостың туу дәуірін анықтауда, міне, осындай жағдайлар ескерілуге тиісті, бұл реттен алғанда өзінің баяндамасында: эпоста көне заманның көріністері бар – деп пікір білдірген Л.И.Климовичтің айтқаны дұрыс, алайда осы шындықты мойындау үшін де өзіңнің пікірлеріңің жүйелі болғаны дұрыс, әйтпесе, «Манастың» көне дәуірде пайда болғаны туралы болжам айтуға батылы барғандардың барлығын соншама қаталдықпен қаймықтырудың жөні жоқ». Осы пікір арқылы: көшпелі халықтарда мәдениет жоқ», – деген европалық үстем көзқарасқа тосқауыл қойды. Л.И.Климович сияқты беделді ғалымды нысанана ала отырып, «Манасты» масқараға айналдырығысы келгендерге, соның ішінде, Боровков сияқты ғылым докторларының «мәдениетсіз қолданыстарын» мекзеп, ақыл-ойдың сабырына шақырды. Ол сөзінің соңын: «Сөзімнің соңында пікір таластырудың әдісі мен әдебі, яғни, «Манасқа» байланысты таласқа қатысқандардың тәртібі қақында екі ауыз сөз айта кеткім келеді. Эрине, пікір таластыру керек, бірақ та өзіңнің қарсыласынды, сол арқылы талқыланған мәселені масқараға айналдыруға үмтүлмау керек. Бұл тек қана сыңарезулік болып қана табылмайды, сонымен қатар біздің жүртшылығымыз соншама зейінмен көніл бөліп отырған біздің барлық бастамалы үмтүлісімизға көрсеткен көргенсіздік болып табылады. Біз өзіміздің барлық күш-қуатымызды жұмсай отырып, халықтың дүниесін – халыққа қайырып беруіміз керек, оны халыққа жат жүққан кірден тазартып, нағыз қасиетті «Манасты» қайтадан тірілтуге тиіспіз», – деп аяқтады. Мұның соны – театрдың ішінде шапалақтың жаңғырығына, ал сыртта қамшысын білеген қырғыздардың «Манас! Шоң қазақ!» – деген ұрандауына ұласты. Жиналыш төрағасы Т.Алтмышбаев кешкі сағат жетіге дейін үзіліс жариялауға мәжбур болды. Эрине, «Манас» эпосы туралы аса шиеленісті өткен талқының мың беттік хаттамасын келтіру не талдау біздің міндеттімізге жатпайды. Анығы, сол «Манас» жырында Қанықей өзінің қайнысы Ер Ағышқа айтқан: «Алақандай қырғыздың, ар-намысын алып бер», – деген намысты өтінішін XX ғасырда Мұхтар Әуезовтің орындағандығы. Ол ерліктің де, ерлік туралы жырдың да, ақыл-ойдың да намысын қырғыздарға алып берді.

4.

Туы қайта желбіреген «Манастың» жинақталған нұсқасын іріктеудің жолын көрсетіп берген Әуезовтің көмегіне қырғыз ағайындар әлі де мұқтаж еді. 1952 жылдың қараша айында СССР ғылым Академиясы

Қазақ ССР Ғылым Академиясының жаңа президенті Д.А.Қонаевқа: «Манастың» басылымын іріктеуге көмек көрсете үшін академик Мұхтар Әуезовті Қырғыздың Тіл, әдебиет және тарих институтына ұзақ мерзімге жіберу туралы өтініш білдірді. Оған 22 қараша күні: Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1953 жылдың 1 қаңтарынан бастап СССР Ғылым Академиясының Қырғызы бөліміне көмекке баруына рұқсат етілсін, – деп Д.А.Қонаев бұйрық берді. Бірақ, ол бұйрық орындалмады. Өйткені, М.Әуезовті «Манастың» жырын емес, өзінің басын қорғайтында, тіпті, қорғай алмайтында шамырқанулы қундер күтіп тұрды. «Манастың» кезекті конференциясы 6 шілдеге қойылды. Тура сол қундері «Абай» мен «Абай жолы» романдарының тас-талқанын шығарған мақаланың әлегімен басы дауға қалып, шытырман ойға шырмалып жүрген еді. «Манастың» бұл дауына қатыса алды ма, жоқ па, ол жағы бізге беймәлім. Реті келгенде айта кетейік, 1954 жылдың 11 наурыз күні ол өзінің көптен күпті бол күткен еңбегінің өтеуі ретінде А.Дәулеткелдиевтен: «Құрметті Мұхтар Омарханұлы! СССР ғА Қырғызы академиялық филиалы сізге «Манас» эпосының жинақталып, іріктелген трилогия жобасының үш бөлімін жолдап отыр. Мүмкін болса, наурыздың аяғына дейін өзініздің қорытындызызды жазбаша жіберуіңізді өтінеміз», – деген хат алды. «Абай жолын» аяқтап көңілі қөтеріліп жүрген шалқымалы тұсына тап келген бұл хаттың жауабы тез қайырылуы да мүмкін. Тек қырғыздардың мынандай рухани ерлікке барып жатқан кезінде қазақ эпостарының қапасқа қамалып, жариялануына тыйым салынуы жүрегін бір шымшып өткені анық. Ол 1956 жылдың 3 шілде күні «Манастың» басылымын жүзеге асыру жөніндегі кеңейтілген редакциялық мәжіліске қатысып, өзінің осыдан төрт жыл бұрынғы пікірлерінің орындалу барысымен танысып, төрт кітаптан тұратын «Манас» жырының соңғы нұсқасының бекітілуіне қолын қойды. Қазақ тіліндегі аудармасына алғысөзді, әрине, оның өзі жазды. Өзгесін былай қойғанда, Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосының тағдырын шешкен осы еңбегінің өзі-ақ оның есімін әлемдік руханият тарихында мәңгі қалдыруға толық татитын ерлікке пара-пар оқшау оқиға еді. Әрине, мұндай көсемдік парасатты кеңестік идеология кешірмейтін. Сондықтан да олар Мұхтар Әуезовке қаратада шұғыл да шөгел жазалау шарасына кірісті. Бірінші болып партияның «көксемсерлі жауынгері» «Правда» газеті жаза зұлфұһарын көтерді.

Тұрсын Жұртбай